

ТУУЫ

ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

евраль

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйым

1953 жылғы 1 март—жергілікті Советтердің
сайлауы күні.

Сайлаушы жолдастар! Коммунистер мен
партияда жоқтардың сталиндік блогінің канди-
даттарына біркісідей дауыс берейік!

ЫҚ

сүзіндегі баян-
шысы Иосиф
астың есімің
н бірауыздан

у алдындағы
Советтердің де-
ұлы Сталиннің
тов, Г. М. Ма-
М. Каганович,
ин, Н. С. Хру-
тарды ұсынды.
і Советтердің
қа ұсынылған-
Еңбек Ері,
Н. Поляков,
«Луч Ленина»
дседателі Е.
к Ері комбайн-
серві комбина-
Ыбыраев, озат
лдастар және
неркәсіптің бас-
мен мәдениеттің
ер мен партия-
блогінің өздері
дауыс беріп,
партиясы үшін

Жергілікті Советтердің сайлауы—бүкіл халықтық мереке



Оны өсірген партия

Шәмшит ата-анасынан біржарым жасар
бөзінде жетім қалды. Ол мектеп жасына
жеткеннен кейін балалар үйінде оқып,
алғашқы рет шын мәнінде советтік
қамқорлыққа бөленеді.


Балалар үйінде, мектеп қабырғасында
тәрбиеленген, оқыған жасөспірім есіне түсі-
ріп, Шәмшит:

—Ұмытылмас кез еді, жарқын болашақ-
қа бой ұруға қанағаттандырған, бойына
қайтпас қайрат пен қажымас жігердің
ұрығын еккендей болған қызықты ша-
ғынды қайтіп ұмытуға болады,—деп Отан
—анаға шын жүректен алғыс айтады.

Шәмшит Қабдунасов кәзір басшы пар-
тия қызметкері. 1952 жылдың август
айында Петропавл аудандық жетінші пар-
тия конференциясы оны ККП Петропавл
аудандық комитетінің бірінші секретары
етіп сайлады. Ал, бұған дейін Қабдунасов
жолдас үлкен өмір жолынан өтті.

Ол 1939 жылдан бастап 1944 жылға
дейін Совет Армиясының қатарында бол-
ды. Саяси және жауынгерлік әзірлікте

жер шаруашылығы бөлімінде аға малдәрі-
гері болып істеген Қабдунасов жолдасты
Солтүстік Қазақстан облыстық партия ко-
митеті өзінің мамандығына қарай Петро-
павлдың мемлекеттік асыл тұқымды жыл-



руашылықтың барлық саласы бойынша
көрнекті табысқа ие болып, мемлекетке
астық тапсыру жоспарын облыста бірінші
болып орындап шықты. Қабдунасов жол-
дастың коллектив арасындағы социалистік
жарысты кеңінен өрістету ісіне сіңірген
еңбегі совхоздың осындай игі табысынан
айқын көрінеді.

Қабдунасов жолдас партия қызметінде
де өзіне жүктелген міндеттерді Ленин —
Сталин партиясы ісіне шын берілген ком-
мунистке тән қасиетпен әрқашан абыроймен
орындап келеді. 1948 жылдың сентябрі-
нен бастап 1950 жылдың декабріне дейін
Қабдунасов жолдас Қазақстан КП Ленин
аудандық Комитетінің екінші секретары
болып істеді. Бұған дейін ол облыстық
партия комитетінде нұсқаушы болып қыз-
мет атқарды.

Облыстық партия комитеті Қабдунасов
жолдасты 1950 жылдың аяғында СОБП
Орталық Комитеті жанындағы Ленин курс-
теріне оқуға жіберді. Оны Қабдунасов жол-
дас ойдағыдай бітіріп шықты.

Алғаш рет дауыс беремін

Өткен сайлауларда үлкендердің сайлау-
ға әзірленіп, дауыс беріп жатқанына қы-
зығып, сайлауға қатысуды, сөйтіп, хал-
қымыздың таңдаулы ұлдары мен қыздары-
на дауыс беруді арман ететін едім. Міне,
сол көптен бергі күткен күн туып, сол
арманым орындалғалы тұр. Отан—ананың
мейірімді құшағында тәрбиеленіп өткен
күндерді тіпті байқамай да қалыпшы.

Мен быыл Петропавлдың фельдшерлік-
акушерлік мектебінің үшінші курсінде
оқын жүрмін. Совет үкметі, Ленин—
Сталин партиясы жастардың оқып білім
алуы үшін қажетті жағдайдың барлығын
туғызды. Мен сталиндік қамқорлыққа бө-
ленген сол бақытты жастардың бірімін.
Сталиндік заманда туып, өсіп, ержеткені-
ме сондай қуанамын.

Біз биік, кең, жарық бөлмелерде оқый-
мыз. Біздің мектепте оқу оқып, фельдшер-
лік мамандық алып шығу үшін барлық
мүмкіндік бар. Басқа студенттер сыяқты
мен де, бұл күндері оқуды ойдағыдай
үзгеннен бірақ XIX партия съезінің ма-

таттығына кандидат етіп еңбек майданында және мәдениет құрылысы саласында тамаша табыстарға ие болған, көпшіліктің құрметіне бөленген сенімді ақтайтын таңдаулы адамдарды ұсынды. Облыс еңбекшілері жергілікті Советтің депутаттығына бірінші кандидат етіп бақытты, шаттық тұрмыс өшерген, барлық жеңістеріміздің

Ұлы совет халқы жасасын!
Совет халқының авангарды, барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы Ленин—Сталин партиясы жасасын!
Бүкілхалықтық бірінші кандидат, бүкіл дүниежүзіндегі баянды бейбітшіліктің тұстаушысы, кеменгер көсеміміз Ұлы Сталин жасасын!

Ленинград қалалық партия комитетінің пленумы

ЛЕНИНГРАД, 26 февраль, (СОТА). Кеше Ленинград қалалық партия комитетінің пленумы болды. Пленум И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі мен СОКП XIX-съезінің материалдарын партия оқуы жүйесінде оқып үйренудің барысы туралы қалалық партия комитетінің секретары Князев жолдастың баяндамасын талқылады.

Қаланың кәсіпорындары, мекемелері мен оқу орындарының партия ұйымдары коммунистердің маркстік-лениндік оқуының ұйымдастырылуына және идеялық мазмұнына үлкен назар аударуда. Тыңдаушылардың белсене қатынасуымен семинарлар

мен үйірмелердің, саяси мектептердің сабақтары, белгілі тәртіп есебінде, жоғары идеялық-теориялық дәрежеде өткізілуде. Маркстік-лениндік теорияны үйрену коммунистік құрылыстың тәжірибесімен байланыстырылып отырылады. Үйірмелер мен семинарларға 22 мыңнан артық насихатшылар мен түсінік берушілер басшылық етеді. Өздігінен оқушыларға көмек ретінде партия комитеттерінің кітапханаларының жанында 270 циклды лекциялар ұйымдастырылған.

Сонымен бірге баяндама мен пленумға қатысушылардың сөздерінде идеологиялық жұмыста елеулі кемшіліктердің бар екендігі көрсетілді.

Жоспардан тыс көмір

ҚАРАҒАНДЫ. Қарағанды кеншілері жаңа еңбек табысына ие болды. Март тапсырмасының есебіне көмір беріп жатқан шахталар кәзір көбейді.

Жылдық программаны ойдағыдай орындау үшін бассейн кеншілерінің жарысына жетекші болған № 31 шахтаның коллекти-

ві екі айдың жоспарын аяқтады. Инженер Рақымбековтың басшылығымен жұмыс істейтін кәсіпорнының жаңалық тапқыштары «Донбасс» комбайнын жетілдіріп, көмір қопаруды толық механикаландыруға мүмкіншілік алды.

26 февраль. (СОТА).

Орал кәсіпорындарының көмегі

СВЕРДЛОВСК. (СОТА). Облыстың кәсіпорындары коммунизмнің ұлы құрылыстарының ондаған заказдарын орындауда.

Свердловскінің «Уралэлектрораппарат» заводы үстіміздегі жылы Қуйбышев су торабы мен Түркмен Бас каналының құрылысшыларына маймен істейтін ірі айырғыштар мен жоғары вольтті электр бөлгіш аппараттар жөнелтті. «Красная

звезда» заводы «Сталинградгидростройдың» қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына арнап тоназытқыш установкалар жасап шығарды. Уралдың машина жасау заводында Оңтүстік Украина каналының құрылысшыларына 14 текше метрлі экскаваторды жөнелту жұмысы аяқталып келеді.

нің бастығы болып қызмет істеп келеді. Оның басшылығы нәтижесінде аудан еңбекшілеріне көрсетілген дәрігерлік көмек едәуір жақсартылды. Ағжанов халық сенімін ақтап келе жатқан халықтың ады

уық беретіндіктерін білдірді.

Осы сыяқты, «Сталин жолы» колхозында № 10 сайлау округінің сайлаушылары аудандық Советтің депутаттығына кандидат — Пресноз МТС-тің агрономы

дың аманаттары тындықтары ж білдірді.

Үлгілі үг

Ымырт жабылып, қас қарайған кезде. Товарлы-сүт фермасындағылар бұл кезде малды түнгі орнына орналастыруды аяқтап, үйлеріне оралған болатын. Үгітші келді деген хабар олардың арасына ілезде тарады. Бөп кешікпей-ақ оның өткізетін әңгімесін тыңдауға товарлы-сүт фермасындағы адамдардың бәрі жыйналды.

— Менің бүгінгі өткізетін әңгімем қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің бөксылдық жоспары туралы, — деп бастады сөзін, үгітші Нұрғожа Әубәкіров, — мына сіздердің алдарыңызда тұрған диаграмманың бірінде Қазақстанның мал шаруашылығы бес жылдан кейін қандай дәрежеге жететіндігі, екіншісінде біздің колхоздағы іріқара малдың өнімділігін арттырудың мөлшері көрсетілген.

Нұрғожа малшыларға республикада және колхозда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің ұшжылдық жоспарының қалай орындалғанын түсіндірді. Үгітші өзінің әңгімесінде алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің жұмыс тәжірибесінен іріктеп алынған фактілер мен цифрларды келтіре отырып, ауылшаруашылық артелінің таяудағы бес жыл ішіндегі тамаша болашағын айқын суреттеді.

— Біздің алдымызда тұрған міндет — мал қыстатуды үлгілі өткізу, жас төлдер мен сауын сыйырларды күйлі сақтап, әрбір сауылатын сыйырдан жылына орта есеппен 1600 литрден сүт алу, — дейді үгітші. — Бұл міндет біздің бар күшімізді сала, байсалды, сапалы еңбек етуді, өз ісімізге зор жауаптылықпен қарауды талап етеді.

Біздің аразында мал өсірудің сыналған

шеберлері аз емес. Бұған қарағанда фермада жұмыс жақсы болуға тиіс еді. Бірақ, нәтиже олай болмай отыр. Еңалдымен, бізде жас бұзауларды құту жоғары дәрежеде емес, ал сауылатын сыйырлардан алынып жүрген сүт мөлшері біздің өз міндетімізді орындай алмай қалу қаупін туғызып отыр.

— Сүттің аз алынуы күн суытып кеткендіктен болып отыр ғой, — деді тыңдаушылардың бірі.

— Жоқ, мұның себебі күннің суытып кеткендігінде емес, — деді үгітші, — егер сыйырды баптап, мөпелеп күтетін болсақ, оның сүті көбейе береді.

— Үгітші дұрыс айтады, — деді маңдан бері әңгімені зейін сала тыңдап отырған сауыншы Дәптар Тілегенова, — сыйырдан сүтті аз алуымыздың себебі өзімізден.

Аудандық Советтің депутаттығына кандидат тәжірибелі сауыншы Тілегенова орынап тұрды да сыйырдан сүтті қайткенде көп алуға болады деген сұраққа жауап мағнасында сөйлеп кетті. Сауыншы әңгіменің қызығына түсе келе, малға, әсересе, сауын сыйырларға берілетін азықтың түр-түрі, мөлшері туралы, өзінің жұмыс әдісі туралы айтты.

Әңгіме барған сайын қыза түсті. Колхозшылар ферманың жұмысындағы кемшіліктерді де сөз қылып өтті, оны қайткенде жоюға болатындығы туралы өз пікірлерін ортаға салды. Малшылар мұқтажын өтеуге жеткілікті көңіл бөлмей отырған колхоз басқармасын да сынға алды.

— Жас төлдер үшін берілетін жемшөп құнарлы болуы қажет, — деп бастады өзінің сөзін, торшақ құтуші Таза Әлжа-

нов, — алайда, нов пен ферма жұмысты ескі кәзір ірі малда күтілуде. Ал, қалы, құнарлы болмашы сылта да. Бұл жағдай шарлауына сөйтесе алмаймыз.

Малшылар бөлек жатты. Нұзеп кетпегенді мен-ақ сезді. Сүтіңіз әсерлі тың ізі айқын мұндай қуаны өткізген сайын

Бірлік жетікшысы Нұрғожа товарлы-сүт ферістегеніне былықт ішінде ол сында пәрменді келеді. Оларды е дайларымен таң өткізу, лекциялардың тілектер оны тиісті оры

Нұрғожа малның XIX съезін неше рет әңгіме Сталин жолдасты экономикалық лныппандық еңбды мәжлісінде сген әңгімелерін Нұрғожа мал

Жұмыс жаңа міндеттердің дәрежесінде болсын

Г. ЛОСЕВ,

ҚКП облыстық комитетінің секретары



қаттықда салы-
сторлардың жоқ-
ейін аудандағы
вінің семинары

етінің лекторлар
зінің қарарлары
ССРО-да социа-
лдемалары» ат-
екциялық наси-
біраз жұмыстар
тұрса да, об-
лар тобы марке-
ігінен үйрену-
дарда төкцианы
ия комитеттері
екторлар тпта-
тіліксіз көрсетіп
жанындағы кі-
ықты мен тео-
щылар мен көп-
төрсестуге тиіс.
лар өздерінің
ымыз орындап
андық партия
менгерушісі
сы кітап оқу-
на тыныш кел-
алақ қарайды.
елердің қалай
білмейді және
тіп, консульта-

комитеттері на-
пайдаланбайды.
комитеті, оның
өкпен жылдың
«Саяси жолдас-
елер жөніндегі»
ған. Көзір оны
ына жауапты
лхозға бекітін

іріктен алу және тәрбиелеу ісінің жолға
қойылмағандығын дәлелдейді.

Кейбір партия ұйымдары коммунистердің
идеялық- саяси даярлығын арттыру мә-
селесіне жауапсыз қарайды, олардың
оқуына бағылауды нашар жасайды. Сон-
дықтан партияның мүшелері мен мүшелі-
гіне кандидаттарының едәуір бөлегі, со-
ның ішінде басшы кадрлар партия оқуы
жүйесінде бірнеше жылдан бері оқып жүр-
се де марксизм-ленинизммен қажетті бі-
лім ала алмай келеді.

Коммунистердің маркстік- лениндік
оқуын, лекциялық насихатты ұйымдасты-
рудағы елеулі кемшіліктер облыстық пар-
тия комитетінің насихат және үгіт бөлімі-
нің, оның менгерушісі Рымжанов жолдас-
тың партия насихаты жөнінде қабылдан-
ған қарарлардың орындалуы үшін бақы-
лауды нашар жүргізетінін, аудандық пар-
тия комитеттері мен жергілікті бастауын
партия ұйымдарына насихатшылардың жө-
не партия, совет активінің тұрақты семи-
нарларын ұйымдастыру жұмысына кө-
мекті жеткіліксіз жасайтынын дәлелдейді.

Кездескен кемшіліктерді дереу және
батыл жойып, партия оқуын бүгінгі күн-
нің талаптарына сай ұйымдастыру қажет.

Идеологиялық жұмыстың маңызды бір
бөлегі саяси үгіт болып табылады. Көзіргі
кезде саяси үгіттің мазмұны идеология-
лық жұмыстың басқа салалары сыяқты
партияның XIX съезінің тарихи қарарла-
рына терең түсіндіру, сойтіп еңбекшілерді
жаңа босжылдықтың жоспарын мерзімінен
бұрын орындау күресіне жұмылдыру.

Облыс партия ұйымы саяси үгітке өзі-
нің басшылығын жақсартып, партияның

айналысып, біздің партиямыздың ақиқат
сөзін қалып бұқараға шеберлікпен жеткі-
зуде.

Алайда, саяси үгітке басшылық жасау-
да елеулі кемшіліктер кездеседі. Соның
өз негізгісі үгітшілерді іріктен алу және
тәрбиелеу жұмысына жеткілікті көңіл
болмеуде болып отыр. Үгітшілердің қата-
рында саяси жұмыс жүргізуге қаблеті
жетпейтін, даярлығы кем жолдастар кез-
деседі, ал кейде сенімді ақтамайтын кез-
дейсоқ адамдардың болуына жол беріледі.

Кейбір партия ұйымдары үгітшілер ара-
сында тәрбие жұмысын нашар жүргізеді.
Мұның қатарына Булаев ауданындағы
Буденный атындағы колхоздың партия
ұйымын қосаға болады. Қарағанды совхо-
зында үгіт жұмысы нашар ұйымдастырыл-
ған. Партия ұйымының секретары Ванула
жолдас үгітшілермен жұмыс істемейді.

Партия ұйымдары еңбекшілер арасында
саяси- бұқаралық жұмыстары елеулі кем-
шіліктерді тез жою үшін нақтылы шара-
лар қолдануға тиіс.

Идеологиялық жұмысты өрістету ісінде
партия ұйымдарының өткір құралы бас-
пәзес болып табылады. Алайда, облыстық
және аудандық газеттеріміз өздерінің мін-
деттерін қанағаттанғысыз орындап отыр.

Газеттер Н. В. Сталин жолдасын
«ССРО- да социализмнің экономикалық
проблемалары» деген данышандық еңбе-
гі мен XIX съезінің қарарларын жеткілік-
тіз насихаттайды, партия ұйымдарының
идеологиялық жұмыс мәселелерін нашар
жазады.

Облыстық газеттер насихатшылар мен
үгітшілерге жеткілікті көмек көрсетпейді.

мен өзара сын ең өткір құрал болып та-
былады. Олар совет адамдарының саяси
қырағылығын арттырып, кемшіліктер мен
қателерді ашуға және оны жоюға кө-
мектеседі. Кадрларды идеялық жағынан
пынықтырудың, еңбекшілердің коммунист-
тік сана- сезімін көтерудің —қырағылық-
ты арттыруда зор маңызы бар.

Партия мен Совет үкметі халық-ағарту
жұмысына ерекше назар аударып отыра-
ды. Мұны біздің облысымыздың мысалы-
нан көруге болады. Өткен жылы халық-
ағарту жұмысына 63 миллион сом қара-
жат жұмсалды. Облыс мектептерінде 70
мың оқушы оқып, 3500 ден астам оқыту-
шылар жұмыс істейді. Оқытушылар ин-
ституты мен арнаулы орта дәрежелі 8 оқу
орындарында 3 мыңнан астам жастар
оқиды.

Халық- ағарту орындары, оқытушылар
Сталин жолдасын данышандық нұсқау-
ларын басшылыққа ала отырып, партия-
ның XIX съезінің қарарларын орындай
отырып, партия, совет ұйымдарының кө-
мектесуінің арқасында оқу жылының бі-
рінші жарты жылдығында оқу- тәрбие
жұмысын жақсартуда, гуманитарлық пән-
дерден сабақ беру ісінде кейбір жетістік-
терге жетті. Көптеген оқытушылар гума-
нитарлық пәндерден сабақ беру дәрежесін
жақсарту ісіне адал, жауапкершілікпен
қарау нәтижесінде елеулі табыстарға жет-
ті. Бірақ, бұл істе елеулі кемшіліктердің
бар екенін жасыруға болмайды. Полуден
орта мәртебесінің жетінші класында тарих
пәні ескірген оқулық бойынша жүргізіліп
келген. Біртұтас, көп ұлттық орыс мемле-
кетінің құрылуы жөніндегі мәселе теріс
түсіндіріліп, тарихи фактілер бұрмаланып
келген.

Киров атындағы № 2 Петропавл орта
мәктәбінде географиядан сабақ беруде де

отыр. Комсомол ұйымдары да мәдени-ағар-
ту мекемелерінің жұмысымен шұғылдану-
ды мүлде қойып алды.

Идеялық тәрбие жұмысын искусство
мекемелері де жүргізеді. Өткен жылы об-
лыстық театр 361 спектакль көрсетті,
оларды 100 мыңға жуық адамдар көрді.
Оның ішінде селолық жерлерде көрсетіл-
ген спектакльдердің саны 63. Өткен жы-
лы концерт- эстрада бюросының бригада-
лары аудандарда болып, концерт берді.
оларға 80 мың адам қатысты.

Алайда, театр коммунистік қоғамның
құрылымына тән қасиеттерді еңбек-
шілер бойына сіңіретін, совет адамдары-
ның санасындағы ескі дүние қалдықтарын
жоюға көмектесетін пьесаларды аз көр-
середі. Театр сахналарына әлсіз және на-
шар даярланған спектакльдер шығарыла-
ды. Ал, облыстық искусство бөлімінің жө-
не оның менгерушісі Чосс жолдасын
театр мен концерт- эстрада бюросының
жұмысына басшылық жасауы мүлде қа-
нағаттанғысыз.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру-
де кино үлкен роль атқарады. Облысы-
мызға киносыз жыл сайын өсуде. Егер,
1941 жылы небары 50 киноустановка
болса, көзір оның саны 105-ке жетті,
оның 97-сі ауыл-селолық жерде жұмыс
істейді. Өткен жылы кино көрушілердің
саны 1946 жылмен салыстырғанда үл-
есе, ал, ауыл- селолық жерлерде 4,5 есе
өсті.

Алайда, еңбекшілерді киномен қамту
жұмысын ойдағыдай деп айтуға болмайды.
Әсіресе, ауылдық жерлердегі еңбекшілерді
киномен қамту жұмысы қанағаттанғы-
сыз ұйымдастырылған.

Ауыл- селоларды радиоландыру үлке-
саяси- мәдени шара болып есептеліне

граммасының төк бірінші тақырыптары бойынша насихатшылардың өздерінің терең талдауымен, методикалық мәселелер анықталмай оқылды.

Көзір жұмысты біздің насихатшы кадрларымыз жаңа тақырып бойынша сабаққа кіріспес бұрын семинарда қажетті дайындық алатындай етіп ұйымдастыруымыз керек.

Көбінесе аудандық партия комитеттері партия оқуына формальді басшылық жасап, кадрлардың теориялық оқуын бақыламайды. Осының салдарынан бірақатар үйірмелер көзірдің өзінде де жаңа оқу программасы бойынша материалдарды өтуден кейін қалып отыр. Мұндай жағдай Көнюхов ауданының Чистян МТС, Қарақоға орта мектебі, филиал-банк қызметкерлері партия ұйымдарынан орын тапқан.

Кадрлардың өздігінен оқуын ұйымдастыру ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Мәселен, Полуден ауданында саяси білімдерін өздігінен оқып көтеруші коммунистер соңғы кезге дейін Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін үйренуге кіріскен жоқ. Партия және шаруашылық активінің Сталин жолдастың жаңа еңбегін үйрену жөніндегі тұрақты семинары шығамынша жұмысқа кіріспей отыр.

Коммунистер мен партияда жоқ активтердің өздігінен оқуына көмек көрсетуде мазмұнды лекциялардың маңызы зор. Алайда, бұл істе кейбір аудандық партия комитеттері дәрменсіздікке салынады. Олар даярлығы мол үгітші жектің жектің жектеу етіп, өздерінің лектор кадрларын тәрбиелеп өсірмейді. Мұндай жағдай Соколов және Булаев аудандарынан байқалады. Бұларда аудандық партия комитеттерінің жанындағы штаттан тыс лекторлар топтары формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Соколов аудандық партия комитеті

Бұл кемшіліктер насихатшы кадрлармен жұмыстың жеткіліксіз болуын көрсетеді. Олардың тұрақты семинарлары насихатшылардың толық қатысуымен өтпейді, тәжірибе ауыстыру жұмыстары жолға қойылмаған.

Көбінесе бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері комсомол ұйымдарына басшылықты нашар жасайды, комсомолеттердің оқуына қажетті бақылау жасамайды. Бұл кемшіліктердің әсеріне, Булаев, Пришим, Соколов аудандарына қатысы бар.

Комсомолеттер мен одақта жоқ жастардың саяси оқуына басшылық жасау ісіндегі кемшіліктерді қысқа мерзімде дереу жоюымыз қажет.

Маркстік-лениндік теорияны, сондай-ақ жаратылыс-ғылыми және қоғамдық-саяси білімдерді насихаттауда саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамы мен облыстық мәдени-ағарту бөлімінің лекциялық бюросы зор роль атқаруға тиіс. Бірақ, бұл ұйымдар өздеріне тапсырылған істі нашар атқарады. Нұрмұхаметов жолдас басқарып отырған Қоғамның бөлімшесі өзінің жұмысын жоғары істейді, лекцияның саласына қажетті бақылау жасамайды, лекцияны кейде дайындығы аз алаңдар оқыды. Лекциялардың тексті тексерілмейді. Кейде лекция оқу ісі саяси сөйлемді ақтамайтын алаңдарға тапсырылады.

Облыстық мәдени-ағарту бөлімінің лекциялық бюросы жөнінде де осыны айту керек. Ол лекциялық насихаттың жергілікті жердегі жайын нашар біледі, оқылған лекциялардың саласын бақыламайды. Көптеген лекторлар тексерілмеген текет бойынша лекция оқыды.

Бұл фактілер қоғамның бөлімшесі мен облыстық мәдени-ағарту бөлімінің лекциялық бюросында лекторлар кадрларын

ламай, оған формальді түрде қарайды. Мәселен, Ленин аудандық партия комитеті өткен жылы саяси-бұқаралық жұмыстың жайы туралы, социалистік жарысқа басшылық туралы, үйірмелер мен саяси мектептердің жұмысы туралы бірде-бір бастауыш партия ұйымының есебін тыңдамады. Аудандық комитеттің бюро мүшесінің ағымдағы шаруашылық-саяси мақаласында қабылдаған қаулыларының барлығында бастауыш партия ұйымдарын міндеттер: «үгіт-бұқаралық жұмыс күшейтілсін және социалистік жарыс кеңейтілсін» деген пункт бар. Аудандық комитеттің ісінде бастауыш партия ұйымдары да өздерінің қаулыларында дәл сондай пункттерді қабылдайды. Бірақ, бұл қарарлардың барлығы да нақтылы іспен бекітілмегендіктен мақсатқа жетпей, қағаз жүзінде қалып қойды.

Саяси-тәрбие жұмысын ең алдымен басшы партия, совет қызметкерлері жүргізуі керек. Осы мақсатпен қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанында саяси баяндамашылар тобы ұйымдастырылды. Олардың басым көпшілігі еңбекшілер алдында үнемі баяндамалар жасайды. Дегенмен, еңбекшілер арасында баяндама жасамайтын жолдастар да бар. Олардың қатарына Пришим аудандық партия комитетінің секретары Сәрсенбаев, Мамлют аудандық Советі атқомінің председатели Демченко, совхоздар тресінің директоры Зинченко, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Омелявченко және басқалары жатады.

Біздің барлық басшы партия және совет қызметкерлерінің еңбекшілер алдында үнемі баяндама жасауы, олардың баяндамалары сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуді, еңбекшілер бұқарасын алда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыруы қажет.

Облыста 9 мыңға жуық үгітшілер бар, олардың көпшілігі үнемі үгіт жұмысымен

мен радионың назарын Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі мен партияның XIX съезінің тарихи қарарларын кең түрде ойдағыдай насихаттау жұмысына аудару қажет. Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің озат тәжірибелерін насихаттауға, совет адамдарының саяси қырағылығын арттыруда газеттер мен радионың ролін көтеру керек.

Бейқамдық, жайбарақаттық және ашық-ауыздықпен келіспес күрес жүргізу үшін идеологиялық жұмыстың барлық құралдарын кеңінен қолдану қажет. Бұл сыяқты жағдайлар біздің облысымызда да орын алған. Жұырда аяқкіім фабрикасында көптен бері мөлшектеп меншігін талан-тарапқа салып келген жуликтер мен ұрылардың біртөбі өшкереленді. Осы топтың ішінде фабриканың басшы қызметкерлері де болған. Мұның былай болған себебі фабриканың бұрынғы директоры Савченко жолдас пен партия ұйымының секретары Глюсов жолдас бейқамдығы мен ашық-ауыздығы салдарынан деп білу керек. Олар өздерінің иек астында қылмысты әрекеттер жасаған жаулардың зиянды істерін байқамаған.

Көбінесе партия ұйымдары, әсіресе, Булаев, Преснов аудандық комитеттері, Петропавл қалалық комитеті бейқамдық пен және ашық-ауыздықпен жеткілікті күрес жүргізбей отыр. Олар кейбір ұйымдарда кадрларын іріктеп алу ісін былықтырып, кейбір кәсіпорындарының бастауыш партия ұйымдары жұмысының дәрежесімен және идеялық-саяси тәрбие жұмысымен терең шұғылданбады.

Көптеген ашық-ауыздық, бейқамдық және жайбарақаттық сыяқты дерттерден тез арылу қажет. Бейқамдық, ашық-ауыздық және жайбарақаттықпен күресте сын

мен радионың назарын Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі мен партияның XIX съезінің тарихи қарарларын кең түрде ойдағыдай насихаттау жұмысына аудару қажет. Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің озат тәжірибелерін насихаттауға, совет адамдарының саяси қырағылығын арттыруда газеттер мен радионың ролін көтеру керек.

Мәдени-ағарту техникалық жауапкершілік үгіт жұмысы істеліп отырған. Бұл XIX съезінің қарарына сәйкес «ССРО-да экономикалық проблемалары» жұмысы нашар өмірлерімізді қайыптан алып қайтты. Ескірген көркемдік құндылығы жоқ жайымыз жиі

Мәдени-ағарту жайының мұнша болып отырған бет ұйымдарының деріне нашар оларды қолына кадрлармен нығыздалуға бола, ту бөлімінің жетекшілік жолда алуы, тәрбиеле

«УДАРНИК»

Бүгін
«МАЙД»
Сеанстар сағат
Касса сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табы